



ЖИЫН

ХАЛЫҚҚА СЕРПІН БЕРГЕН МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТ

Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа арнаған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» деп аталатын Жолдауын осылай бағалады.

Жомарт МОЛДАХМЕТҰЛЫ

Жиынды ашқан институт басшысы, ҰҒА корреспондент-мүшесі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Серік Барманбекұлы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың республикалық баспасөзде жарияланған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» деген Жолдауында тәуелсіз Қазақ елінің алдында тұрған асқаралы он міндет туралы ой-пікірін кеңінен тоқталды.

— Егер терең зер салсақ, Елбасының бұл жолғы Жолдауының аталуы өзі ерекше. Әдетте, тарихта «революция» деп төңкерісті айтады. Алайда Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев бұл жолы «Төртінші өнеркәсіптік революция» деп еліміздің ұлттық өнеркәсібіндегі ілгерілеу мен алға жылжуды, тың серпінді айтып отыр. Мұның мәнісі, Елбасының бұған дейін жарияланған Жолдауларында белгіленген іргелі тапсырмаларды жүзеге асыру барысында еліміздің экономикасы мен өнеркәсібі үш рет алып өзгерістерді жүзеге асыра білді. Бейнелеп айтқанда, экономикамыз да, өнеркәсіп те, ауыл шаруашылығы саласы да қатарынан үш рет «революцияға» пара-пар жағдайды басынан өткізіп, қуатты серпінмен дамыды. Қазір төртінші революция жағдайындағы дамудың жаңа кезеңін жүзеге асыруды көздеп отырмыз. Сондықтан Елбасының Төртінші революция жағдайындағы Жолдауы еліміздің көп ұлтты тұрғындарына тың серпін беріп, жаңа белестерге жігерлендіре түсуде, — деді Серік Барманбекұлы.

Одан кейін сөз алған бидайдың 100-ден астам түрін шығарып, шетелдік ауыл шаруашылығы ғалымдары арасында «Қазақ бидайының атасы» атанған көрнекті селекционер-ғалым, Ұлттық ғылым академиясының, Ресей ғылым академиясының, сондай-ақ Украина аграрлық ғылым академиясының академигі Рахым Оразәлиев Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың әрбір Жолдауын қазақстандық ғалым-дарды айтпағанның өзінде шетел ғалым-дарының да айрықша зор ықыласпен қабылдағанын жеткізді.

— Елбасы — шындығында халық үшін жаралған азамат! Ол өзінің жыл сайынғы

Жолдаулары арқылы қазақстандықтарды әр дайым биік белеске құлшындырып, әуақыт ілгері жылжу қажеттігін шегелеп айтып келеді. Елбасы осы жолғы Жолдауында Үкімет пен халық алдына ең басты, кешіктірілмей жүзеге асуы тиісті он міндетті нақты қойып отыр. Мысалы, бұл Жолдауда елімізді индустрияландыру мен жаңа технологияларды енгізуден бастап, табиғи ресурстарды яғни жерасты қазба байлықтарының ресурстық әлеуетін одан ары дамыту, «ақылды технологиялар» — агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту, көлік-логистика инфрақұрылымының тиімділігін арттыру, құрылыс пен коммуналдық секторды, қаржылық жүйе мен адами капиталды қайта жаңғырту, медициналық қызмет көрсетуді дамыту, еңбек нарығының тиімділігін қамтамасыз ету тәрізді бірқатар маңызды іс-шараларды жүзеге асыру белгіленіп отыр. Бұл — әрине, ел тұрғындарының болашағын, әлеуметтік ахуалын ойлағаннан туған ізгі шаралар. Олай болса, біз аграршы-ғалымдар Елбасы Жолдауында белгіленген әрбір міндетті толыққанды орындауға жұдырықтай жұмылып, ел болашағы үшін батыл әрекет етуіміз қажет, — деді ҰҒА академигі Рахым Оразәлиев.

Осы ғылыми-зерттеу институтының бөлім меңгерушісі, ҰҒА академигі Ғалиолла Мейірман болса, «Елбасы Жолдауында елімізде қандай істерді жүзеге асыруға барынша басымдық берілуі қажеттігін батыл көрсетіп берді. Белгіленген міндеттерді жүзеге асыру бізге серт!» деп ғалымдарға қайырылды.

— Елбасы Жолдауында соңғы екі жылда тұрғындарға берілетін зейнетақы мен жәрдем ақының үш есе өскенін тағы бір қайтара еске салды. Шын мәнінде, базалық зейнетақы — 29, ынтымақты зейнетақы — 32, дәрігерлердің жалақысы — 28, білім беру саласы қызметкерлерінің жалақысы — 29, әлеуметтік қорғау саласы мамандарының жалақысы 40 пайызға және басқа да сала мамандарының айлық табысының ана-ғұрлым өскенін нақты дәлел мен айтып берді. Тағы бір қуанышты жайт, биылғы жылдан бас тап мұғалімдердің мәртебесі барынша көтеріліп, олардың айлық жалақысы 30 пайыздан 50 пайызға дейін өсетін болады, — деді ғалым Ғалиолла Мейірман.

Жиын соңында оған қатысушылар өздері еңбек етіп жүрген ғылыми-зерттеу институты қызметкерлерінің алдында тұрған міндеттерді қайта қарап, жүзеге асырылатын әрбір іс-шараның Елбасы Жолдауымен үндестік табуына баса назар аудару қажет деген ортақ пікірге келіп, арнайы қарар қабылдады.